

**Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы»
МКҚК 2022 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі
талдау нәтижелері бойынша
Талдамалық анықтама**

Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК (бұдан әрі - АИТВ орталығы) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес жүргізілді

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) АИТВ орталығының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) АИТВ орталығын талдау объектісінің ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бастапқы тіркеу күні 1999 жылғы 22 маусым. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, І Есенберлин көшесі, № 5/1, БСН 990640001579.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың мақсаты, мәні: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: директордың «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 29 мамырдағы №078-П бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.06.-30.06.2023 жыл.

АИТВ орталығы қызметінің талданатын кезеңі: 2022 жылғы 12 ай.

Қызмет бағыты: медициналық.

Ұйымның құрылымы: АИТВ орталығының құрылымдық бөлімшелерінің құрамына:

- 1) ұйымдастыру-әдістемелік бөлім;
- 2) диагностикалық зертхана,
- 3) емдеу-профилактикалық көмек бөлімі;
- 4) АИТВ-инфекциясын эпидемиологиялық қадағалау бөлімі;
- 5) профилактика бөлімі, информатика және АИТВ-инфекциясын компьютерлік қадағалау бөлімі;
- 6) шаруашылық бөлімі;

7) әкімшілік бөлімі кіреді.

Ұйым қызметіндегі нормативтік және құқықтық актілер:

АИТВ Орталығы өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді:

- ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін,
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін,
- ҚР Еңбек кодексін,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 19.10.2020 жылғы № 137/2020 «АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 29.10.2020 жылғы № 162/2020 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу кезінде стационарлық жағдайда мамандырылған медициналық көмек көрсетілетін инфекциялық, паразиттік аурулар және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығын,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің № 204/2020 «АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 04.12.2020 жылғы № 231/2020 «Халық арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру жағдайларын тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 27.11.2020 жылғы № 211/2020 «АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын,
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 29.10.2020 жылғы № 170/2020 «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» бұйрығын,
- АИТВ орталығының Жарғысын,
- ұйымның Ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Штат саны: 110,25 бірлік.

Өткен кезеңде АИТВ орталығында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің мамандарын тарта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы белгілі бір жұмыс жүргізілді.

2022 жылғы 30 наурызда АИТВ орталығы ұжымы Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің департаменті

превенция басқармасының бас маманы Әйгерім Аңсағанқызы Аңсағанованың қатысуымен «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.2022 жылғы № 802 Жарлығы тақырыбында семинар өткізілді.

2022 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің маманы Мамыт Айдос «Денсаулық сақтаудағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу» тақырыбында АИТВ орталығының ұжымына семинар өткізді. Сабактың мақсаты: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ағарту».

Жыл сайын АИТВ орталығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіледі. Ұйымның веб-сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс» бөлімі жұмыс істейді. Бөлімде мынадай құжаттар жаңартылды және орналастырылды:

- 1) АИТВ орталығындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже;
- 2) АИТВ орталығындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- 3) АИТВ орталығындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- 4) АИТВ орталығының лауазымды адамдары мен жұмыскелерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары;
- 5) АИТВ орталығының корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар кезінде call орталығы туралы ақпарат орналастырылды. АКТК орталығының ғимаратында «Астана-адалдық алаңы» жобасы аясында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің постерлері орнатылды.

АИТВ орталығының қызметіне қатысты ішкі нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында АИТВ орталығы мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік актілер зерделенді.

2022 жылы негізгі қызмет бойынша 103 бұйрық, жеке құрам бойынша 440 бұйрық шығарылды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

АИТВ орталығының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

АИТВ орталығының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін кезеңде мынадай қызмет бағыттары тексерілді:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.

АИТВ орталығында кадрларды іріктеу тәртібі ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

АИТВ орталығында бос лауазымға орналасуға кандидаттардың құжаттарын караудың ашықтығы үшін кандидат Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады. Міндетті түрде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама ұсынады.

Жаңадан қабылданған қызметкерлер медициналық қызметкердің құпиясына қатысты Мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерге/ Қызметтік құпияға қатысты мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерге және АИТВ орталығына азаматтық қызметке кіру кезінде алынған шектеулерге қол қояды.

АИТВ орталығында есепті кезеңде (01.01.2022 ж. - 31.12.2022 ж. дейін) 8 жұмыскер қабылданды. Осы кезеңде 7 жұмыскер жұмыстан шығарылды. Жұмыстан шығарудың негізгі себебі - жұмыскердің бастамасы.

Есепті кезеңде тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың саны 3 адамды құрады, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ АИТВ орталығы жұмыскерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталмады.

АИТВ орталығы жұмыскерлерінің жұмыс өтілін есептеу тәртібі Денсаулық сақтау ұйымдары жұмыскелерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 2 тамыздағы № 685 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 6 қыркүйекте № 14205 болып тіркелді. «Азаматтық қызметшілер, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы қазыналық кәсіпорындар қызметкерлері үшін мамандық бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»)

Директордың бұйрығымен жаңадан қабылданатын қызметкерлердің еңбек өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді (24.01.2022 ж. № 031 бұйрық). Әр күнтізбелік жылдың басында АИТВ орталығының барлық жұмыскерлерінің еңбек өтілі де қайта қаралады.

АИТВ орталығында персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

АИТВ орталығының жұмыскерлері мен лауазымды адамдарының мүдделер қақтығысын реттеу үшін келісім комиссиясы (10.01.2022 ж. №010 бұйрық) және АИТВ орталығының әдеп қағидаларымен реттеледі.

АИТВ орталығының жұмыскерлері арасында жұмыс істейтін туыстарының фактілері анықталды. Алайда, олар тікелей бағынбайды және бір құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлері емес. Мүдделер қақтығысы жоқ.

АИТВ орталығының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында анықталған жоқ.

3. АИТВ орталығы мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

4. АИТВ орталығы рұқсат беру функциялары жоқ.

5. АИТВ орталығында бақылау-тексеру функциялары жоқ.

2022 жылдың шілде айында «Астана қаласы бойынша ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің департаменті» РММ азаматша М. М. Досанованың өтініші бойынша тексеру жүргізілді. АИТВ-инфекциясының бар-жоғын құпия медициналық тексеру « - дербес деректерді енгізуге ақпараттандырылған келісім жоқ. Тексеру қорытындысы: «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіні бұзу - ақпараттандырылған келісімнің және ҚР ДСМ 27.11.2020 жылғы № 211/2020 «АИТВ-инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық тексеру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының болмауы - дербес деректерді енгізуге ақпараттандырылған келісім жоқ. Тексеру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері және басқа да мемлекеттік бақылаушы органдардан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау тұрғысында түскен жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне тұрақты бақылау жүргізіледі. Ғимараттың бірінші қабатында «Шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік» ұйымдастырылған, психоәлеуметтік кеңес беру кабинетінде пікірлер журналы бар, сондай-ақ директордың және директордың жеке және басқа мәселелер жөніндегі орынбасарының қабылдау күндері мен сағаттары туралы ақпарат ілінген.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Кәсіпорынның қаржылық қызметі бөлінген қаржыландыру және ақылы қызметтер көрсету есебінен жүзеге асырылады:

- «Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ 008 «ҚР ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша, 011 «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бағдарламасы бойынша, 159 «Өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша,

- «Астана қаласының әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ 100 «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін төлеуге берілетін трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, 067 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша.

- «Астана қаласының Денсаулық сақтау саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 106-1096 қаулысына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызметтер көрсету.

2022 жылы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен 1 154 649, 59 мың теңге сомасына шарт жасалды. Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен 125 953,0 мың теңге сомаға (нысаналы ағымдағы трансферттер) шарт жасалды. Шарттар республикалық бюджет шеңберінде жасалды. Бюджеттің орындалуы 100%.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, заңды тұлғалармен шарттар жасасу «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, АИТВ орталығының бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі.

2022 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ,,,,, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері өткізілді:

- баға ұсыныстарын сұрату арқылы – 99 бірлік.,
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 34 бірлік
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден – 37 бірлік.
- ашық конкурс – 4 бірлік. Шарттық міндеттемелерді сапалы орындау мақсатында әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие болу бойынша біліктілік талаптары қойылады.

2022 жылы Орталық әртүрлі заңды тұлғалармен Өнім беруші ретінде тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 17 шарт жасасты.

Сондай-ақ 2022 жылы азаматтық-құқықтық сипаттағы 16 шарт жасалды.

Электрондық шарттарды, баға модулін және мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтыққа бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

АИТВ орталығының кадр қызметінде ЕИСЗ (ТБЖ) порталы, сондай-ақ электрондық еңбек биржасында енгізілді.

Диагностикалық зертханада зертханалық ақпараттық жүйе (ЗАЖ) жұмыс істейді. АИТВ-инфекциясын эпидемиологиялық қадағалау бөлімінде АИТВ-инфекциясы жағдайларын электрондық бақылау базасы жұмыс істейді

Азаматтардың өтініштерін қарау рәсімі қағаз форматта және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүргізіледі. 2022 жылы Е-Өтініш сайтында 11 өтініш келіп түсті, оның ішінде медициналық көмек көрсету сапасы бойынша 3, сондай - ақ ІКотек - 1 сайтына. Ақпараттық платформалардағы барлық өтініштер жабылды, мәртебесі - «Орындалды»

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

ҚР заңнамасына сәйкес, 2022 жылы есептер белгіленген мерзімде уактылы тапсырылды. Мемлекеттік органдардан есептерді алу туралы хабарламалар бар.

Басқа мемлекеттік органдарға ұсынылатын есептердің тізбесі:

- даму жоспары (Ф-14);

- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп: жылдық (Ф100 корпоративтік табыс салығы бойынша декларация; Ф 700, 701 көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларация); тоқсандық (Ф 200 - жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация, - статистикалық есептер (1 -Т (жылдық), 1 – инвест - негізгі капиталға инвестициялар туралы есеп; 11 - (жылдық); 1-Т (тоқсандық), 1 – инвест. (ай сайын). Есептердің мынадай түрлері: қаржы-шаруашылық қызмет бойынша жылдық есептілік(бухгалтерлік баланс); әлеуметтік қаржы - Қаржы статистикалық есебі (обр) - Білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп және даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп (Ф-14); активтерді, оның ішінде Үй-жайлар мен автомобильдерді түгендеу (жылдық).

Директордың м. а.



Қ. Асқаров

**Астана қаласы әкімдігінің
«АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары
бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жақын лауазымдардың
ТІЗБЕСІ**

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
1	2	3	4
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі есепші	мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу	өткізілетін мемлекеттік сатып алу нәтижелеріне адам факторының әсер ету тәуекелі сатып алу туралы толық емес немесе дұрыс емес ақпаратты орналастыру сатып алудың әлеуетті қатысушысымен келіссөздер	төмен орташа төмен